

Жейн Гудолл

Жануарлардың адал досы



Кони Жанковски

Life Science Readers:

Жейн Гудолл
жануарлардың адал досы

Publishing Credits

Editorial Director

Dona Herweck Rice

Creative Director

Lee Aucoin

Associate Editor

Joshua BishopRoby

Illustration Manager

Timothy J. Bradley

Editor-in-Chief

Sharon Coan, M.S.Ed.

Publisher

Rachelle Cracchiolo, M.S.Ed.

Science Contributor

Sally Ride Science™

Science Consultants

Thomas R. Ciccone, B.S., M.A.Ed.,

Chino Hills High School

Dr. Ronald Edwards,

DePaul University

Teacher Created Materials

5301 Oceanus Drive

Huntington Beach, CA 92649-1030

<http://www.tcmpub.com>

ISBN 978-0-7439-0594-7

© 2008 Teacher Created Materials, Inc.

Мазмұны

Жейн Гудоллдың шексіз саяхаты	4
Балалық кезі	6
Жергілікті зерттеулер	10
Таңғажайып маймылдар	18
Жаңа бағыт	22
Антрополог: Бирута Галдикас	26
Қосымша	28
Зертханалық жұмыс	28
Сөздік	30
Индекс	31
Ғылымға жол	32
Суреттер дереккөзі	32



Жейн Гудоллдың шексіз саяхаты



Қызықты факт

Екі жасқа толғанда Жейннің әкесі оған ойыншық шимпанзе сыйға тартады. Ол шынайы шимпанзеге қатты ұқсайтын. Тіпті оған Жубили деген ат қояды. Бұл Лондон хайуанаттар бағындағы шимпанзенің баласының аты еді. Әлі күнге дейін осы ойыншытқы Гудолл ең бағалы зат деп біледі.

Кітапқұмар Жейн

Жейн Гудоллдың бала кезіндегі ең сүйікті шығармасы Дәрігер Дулитл мен Тарзан болған екен.

Жейн Гудолл – шимпанзені зерттеуде ең үздік ғалым. Ол – әлемге танылған бірегей сарапшы маман. Кезінде ол кең, таза әрі ыңғайлы үйде тұрды. Бірақ, бір күні ол жунглиге кетуге бел буды. Жүрек қалауымен заманауи заттардан бас тартып, шытырманға толы Африка елінде өзіне таңғажайып жануарлар әлемін ашты.

Гудолл – бар саналы ғұмырын шимпанзені зерттеуге арнаған жан. Оның еңбектері кітап пен журналдарда жарық көріп, тіпті телевизиялық шоуға қатысты. Оның еңбегін әлемнің қай түкпірінде болса да мойындаған. Жейннің ғұмыр жолы өзгелерге үлгі бола алды.





Гудолл мен шимпанзелер

Мен күнұзақ шимпанзелердің жанында жүретінмін. Сол уақытта менің көзім ашылып, дүниетанымым айрықша кеңейді. Олардан үйренген ақиқат арқылы адам мінез құлқы мен біздің табиғаттағы орнымыз жайлы түсіндім.



Балалық кезі

Гудолл 1934 жылы өмір есігін ашты. Оның отбасы Англияда тұрды. Ол бес жасқа толғанда Еуропада II Дүниежүзілік соғыс басталады. Әкесі бірден соғысқа аттанады. Көп ұзамай ата-анасы ажырасып, анасы ауылға көшіп кетеді. Олар Гудоллдың нағашы әжесінің үйінде тұрады. Жейн ауылдан кездестірген үй жануарларына таңқалады. Ол нағашы әжесінің қорасындағы жануарлармен ойнайтын. Сөйтіп, бала Жейн тіршілікті зерттей бастады. Ол атқа мінгенді ұнататын.

Гудолл өзінің өмірлік миссиясын таппас бұрын әртүрлі салада жұмыс істеді. Ал 23 жасқа толғанда ол Англиядан Африкаға кемемен жол тартты. Оның бір досының отбасы Кенияда тұратын еді. Олар естен кетпес саяхат жасауға бел буған еді. Оның Кенияға сапары екі жалға созылды.

Зерек Жейн

Бала кезінде Жейн мен оның достары хайуанаттар туралы қызықты нәрселер жасағанды ұнататын. Олар 12 жаста болғанда “Аллигаторлар қоғамдастығы” деген клуб құрады. Клубтың аясында әртүрлі іс-шара ұйымдастыратын. Олар табиғат жайлы жобалар, ойындар мен білім жарыстарын жасайтын. Олар тіпті “Сенің көңіліңді көтеретін Аллигаторлар қоғамдастығының журналы” атты журнал да шығарған.

← Гудолл мен оның сіңлісі